

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 676 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 1166 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы**

**Қазақстан Республикасы Президентінің
2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Ақпараттық технологиялардың жаңа саласын құру және Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін дамыту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 33, 322-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацындағы "340" деген сандар "342,8544" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақ 7) тармақшадағы "болып табылады" деген сөздердің алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 8), 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) мәтіндерді өңдеуге арналған машиналарды, көшіру-көбейту жабдығын, адресовальды машиналарды, калькуляторларды, касса аппараттарын, таңбалау машиналарын, билет-касса машиналарын шығару басқа да офистік машиналар мен

жабдықты, электронды есептеу машиналарын және ақпарат өңдеуге арналған өзге де ж а б д ы қ т а р д ы ш ы ғ а р у ;

9) электр және радио элементтерін, таратушы аппаратура, дыбыс пен бейне қабылдауға, жазуға және бейнелеуге арналған аппаратуралар шығару;

10) тұрмыстық электр приборларын шығару";

11-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"АЭА аумағына еркін кеден аймағының кедендік режиміне орналастырылған т а у а р л а р м е н :

тауарлардың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде;

тауарларды қайта өңдеу жөнінде;

осы Ережеге сәйкес негізгі қызмет түрлеріне сай АЭА құру мақсатына қол жеткізу үшін қажетті тауарлар мен жабдықтарды пайдалану және қолдану жөнінде;

тауарларды сатуға және тасымалдауға дайындау жөнінде;

құрылыс және өнеркәсіп өндірісі технологиясының талаптарын орындау жөнінде операциялар жасауға рұқсат етіледі."

Жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге жоспар осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті